



**2025 жылға арналған қабылдаған тәуекелдер,
тәуекелдерді және капиталды басқару
рәсімдері туралы ақпарат**

Алматы қаласы 2026 жыл

I. Жалпы ақпарат

Осы 2025 жылға арналған қабылдаған тәуекелдер, тәуекелдерді және капиталды басқару рәсімдері ақпарат Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі №86 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктері мен Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – №86 қағидалар) талаптарына сәйкес дайындалды.

II. Банктің негізгі қызмет түрлері туралы қысқаша мәлімет

«ҚЗХ Банкі» ЕБ» АҚ 1993 жылдың басында Қазақстандағы шетелдік қатысуы бар алғашқы банктердің бірі ретінде құрылды және Түркия Республикасының T.C. Ziraat Bankası A.Ş. банкінің еншілес ұйымы. Банк Қазақстандағы және шетелдегі клиенттерге банк қызметтерінің кең ауқымын ұсынады.

Банктің негізгі қызмет бағыттары заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге және жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсетуге, сондай-ақ банкаралық және қаржы нарықтарында операциялар жүргізуге бағытталған.

Банк банктік операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге берілген қолданыстағы лицензияға сәйкес клиенттерге мынадай банктік қызметтер мен өнімдерді ұсынады: есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету (ұлттық және шетел валюталарындағы аударымдар, конвертациялау, Western Union жүйесі арқылы ақша аударымдары, кассалық операциялар); депозиттер; кредиттер, оның ішінде шартты міндеттемелер; банктік төлем дебеттік карталары; жеке сейф ұяшықтары; қашықтан банктік қызмет көрсету (интернет-банкинг).

Банкаралық нарықта Банк депозиттер мен кредиттерді орналастырады және тартады, шетел валютасын сатып алу және сату операцияларын іске асырады, сондай-ақ KASE валюта нарығы секторында мәмілелер жасайды, сонымен бірге бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдары нарықтарында операцияларды іске асырады.

III. Банктің тәуекелдерді басқару саясатын Директорлар кеңесі мен Басқарманың іске асыру тәртібі

№86 қағидалардың талаптарына және Банктің капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін (бұдан әрі – КЖБІП) және өтімділік жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін (бұдан әрі – ӨЖБІП) регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Банктегі тәуекелдерді басқару жүйесі оның тиімділігін тұрақты түрде арттыруға және тәуекелдерді жан-жақты талдауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесіне (бұдан әрі – КЖБІП) және өтімділік жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесіне (бұдан әрі – ӨЖБІП) сәйкес Банктің ұйымдастырушылық құрылымына мынадай қатысушылар кіреді:

- 1) Банктің Директорлар кеңесі;
- 2) Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттер;
- 3) Банктің Басқармасы;
- 4) Тәуекелдер жөніндегі бас директор (бұдан әрі – CRO);
- 5) Қаржылық тәуекелдерді басқару бөлімшесі (бұдан әрі – ҚТББ);
- 6) Ішкі бақылау және операциялық тәуекелдерді басқару бөлімшесі;
- 7) Тәуекелдерді басқару процесіне қатысатын жауапты құрылымдық бөлімшелер (бұдан әрі – Жауапты бөлімшелер);
- 8) Ішкі аудит бөлімшесі (бұдан әрі – ІАБ).

Банктің Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару саласындағы айрықша құзыретіне Банктің Жарғысында, ішкі құжаттарында және Банктің Директорлар кеңесі

туралы ережеде айқындалған өкілеттіктер жатады. Банктің Директорлар кеңесі өзіне жүктелген міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Банктің Директорлар кеңесі жанындағы уәкілетті комитеттермен, Банктің Басқармасымен және тәуекелдер жөніндегі бас директоромен өзара іс-қимыл жасай отырып, тәуекелдерді басқару жүйесіне, ішкі аудит қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының сақталуына тұрақты мониторинг пен бақылау жүргізеді. №86 қағидалардың талаптарына сәйкес, сондай-ақ Банктің бизнес-моделі, қызмет ауқымы, жүргізілетін операциялардың түрлері мен күрделілігі және тәуекелдер бейіні ескеріле отырып, тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру мақсатында Банктің Директорлар кеңесі жанынан Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет құрылған. Аталған комитет өз қызметін Директорлар кеңесінің Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес орындайды.

Тәуекелдерді басқару жүйесі аясында Банктің Директорлар кеңесі реттеушінің талаптарында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген міндеттерді орындайды. Атап айтқанда, Директорлар кеңесі: Банктің мүддесін басшылыққа ала отырып, шешімдерді жан-жақты әрі салмақты қабылдайды және өз өкілеттіктерін адал орындайды; Банктің қызметіне белсенді қатысады, оның қызметіндегі елеулі өзгерістер туралы толық әрі уақтылы хабардар болады; өз құзыреті шегінде Банктің ішкі нормативтік құжаттарын бекітеді, Банктің тәуекел-тәбеті стратегиясын және тәуекел-тәбеті деңгейлерін бекітеді, сондай-ақ олардың сақталуына бақылау жасайды, Басқарма мүшелерін сайлайды және тәуекелдер жөніндегі бас директорды тағайындайды; Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған есептерді қарайды; Банкте қорғаныстың үш желісі қағидатының енгізілуін және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; реттеушінің талаптарында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де функцияларды орындайды.

Директорлар кеңесі жанындағы Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеттердің негізгі міндеттері: тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін тиімді ұйымдастыруға, олардың тұрақты жұмыс істеуіне қатысты ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу; Банктің тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, қадағалауға және бақылауға мүмкіндік беретін процестерді жетілдіру; Банктің құрылымдық бөлімшелері мен филиалдары арасындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жұмыстарын үйлестіру; Комитет мүшелері арасында тәуекелдер мен ішкі бақылау мәселелері жөнінде ақпараттың үздіксіз алмасуын қамтамасыз ету, сондай-ақ тәуекелдерді басқару мәдениетін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында бұл ақпаратты тәуекел иелеріне және тәуекел факторларына жауапты бөлімшелерге уақтылы жеткізуді ұйымдастыру.

Банктегі тәуекелдерді басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы оның бизнес-моделіне, қызмет ауқымына, жүргізілетін операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келеді, мүдделер қақтығысының туындау ықтималдығын барынша азайтып, тәуекелдерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелерге және мұнымен қоса Банктің Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттер, Банктің Басқармасы, Ішкі аудит бөлімшесі, қорғаныстың бірінші және екінші желілерінің функцияларын орындайтын Банктің жауапты құрылымдық бөлімшелері арасында нақты бөлуді қамтамасыз етеді.

Банктің Директорлар кеңесінің, Басқармасының, алқалы басқару органдарының және дербес құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару жүйесіндегі негізгі қағидаттары, міндеттері мен өзара іс-қимыл жасау тәртібі Банктің тәуекелдерді басқару мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарында айқындалған.

Тәуекелдерді басқару рәсімдері жаңадан туындайтын тәуекелдерге дер кезінде ден қоюды, оларды нақты сәйкестендіруді және әрбір тәуекелге жауапты тәуекел иесін айқындауды қамтамасыз етеді. Банкке тән тәуекелдерді жан-жақты бағалау және толық түсіну мақсатында жыл сайын тәуекелдер сәйкестендіріліп, бағаланады. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тізілімінде, тәуекелдер картасында, елеулі тәуекелдер тізбесінде және келесі жылға арналған тәуекел-тәбеті туралы

мәлімдемеде көрсетіледі. Тәуекелдерді айқындау тәсілдері, оларды сәйкестендіру және бағалау тәртібі, тәуекелдерге ден қою шаралары, сондай-ақ оларды қадағалау рәсімдері Банктің тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін ішкі құжаттарда белгіленген.

Банкте тәуекелдерді басқару мәдениетін қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі уәкілетті алқалы органдарды, оның ішінде Банктің Директорлар кеңесін тәуекелдерге, тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдеріне қатысты мәселелер жөнінде тұрақты түрде хабардар етіп отыру. Банктің Директорлар кеңесі мен оның жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттер тәуекелдерді басқару бөлімшелерінен және басқа да жауапты құрылымдық бөлімшелерден Банктің ағымдағы тәуекелдер деңгейі, тәуекел-тәбеті деңгейлері және қажет болған жағдайда тәуекел деңгейін төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар туралы ақпарат пен есептерді тұрақты түрде алып отырады.

IV. Банк қызметіне тән тәуекелдер туралы ақпарат және елеулі тәуекелдер

Банктегі тәуекелдерді басқаруды регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Банк басқарудың барлық деңгейінде тәуекелдерді тұрақты негізде айқындайды, бағалайды, қадағалайды және бақылайды. Сонымен қатар тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі Банктің тәуекелдер бейінінің өзгеруіне, сондай-ақ сыртқы ортадағы өзгерістерге қарай ұдайы жетілдіріліп отырады.

Банк қызметіне тән тәуекелдердің мынадай түрлері айқындалған:

- 1) Операциялық тәуекел;
- 2) Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі;
- 3) Ақпараттық технологиялар тәуекелі;
- 4) Заңдық тәуекел;
- 5) Комплаенс-тәуекел;
- 6) Өтімділік тәуекелі;
- 7) Кредиттік тәуекел;
- 8) Нарықтық тәуекел;
- 9) Салықтық тәуекел;
- 10) Стратегиялық тәуекел;
- 11) Беделдік тәуекел;
- 12) ESG-тәуекелдері;
- 13) Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдері;
- 14) Ішкі бақылау тәуекелдері;
- 15) Қызметкерлерді басқару тәуекелдері;
- 16) Аудит тәуекелдері.

Банк өз қызметіне тән тәуекелдерді бағалау нәтижелері негізінде елеулі тәуекелдерді айқындайды (баланстық және баланстан тыс операциялардан туындайтын тәуекелдер, бизнес-бөлімшелер қызметінің бағыттары, портфельдері мен топтары бойынша тәуекелдер ескеріледі). Тәуекелдерді айқындау және бағалау кезінде сандық көрсеткіштермен қатар сапалық өлшемдер де назарға алынады.

Банктің қаржылық орнықтылығына елеулі ықпал етуі мүмкін тәуекелдерді айқындаудың негізгі өлшемшарттары олардың:

- Банктің капиталына;
 - Банктің кірісіне;
 - Банктің өтімділігіне;
 - Банктің іскерлік беделіне;
 - реттеушінің талаптарына сәйкестігіне
- әсер ету деңгейі болып саналады.

Тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша Банктің мынадай тәуекелдері елеулі деп танылды:

- 1) Кредиттік тәуекел;
- 2) Нарықтық тәуекел;

- 3) Өтімділік тәуекелі;
- 4) Стратегиялық тәуекел;
- 5) Операциялық тәуекел;
- 6) Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі;
- 7) Ақпараттық технологиялар тәуекелі;
- 8) Комплаенс-тәуекел.

V. Банктің меншікті капиталы туралы ақпарат

Банктің капиталды басқарудағы негізгі мақсаты – капиталға қойылатын сыртқы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Банктің тұрақты қызметін жүргізуге және акционерлік құнын ұлғайтуға қажетті капитал жеткіліктілігі нормативтері мен кредиттік рейтингін жоғары деңгейде ұстап тұру.

Банк капиталды басқаруда нарықтағы қазіргі ахуалға, ұзақ мерзімді даму стратегиясына және операциялар ауқымына сай келетін кешенді тәсілді қолданады. Капиталды басқару жүйесі меншікті капитал жеткіліктілігінің деңгейін тиімді қадағалауға және бақылауға бағытталған. Ол мынадай негізгі құрамдастардан тұрады:

- капиталды басқару саясаты;
- капиталды қаржыландыру жоспары;
- капитал жеткіліктілігінің деңгейін қадағалау және бақылау рәсімдері;
- басқарушылық ақпарат жүйесі;
- ішкі бақылау тетіктері;
- ішкі аудит бөлімшесінің капиталды басқару жүйесінің тиімділігіне жүйелі түрде жүргізетін бағалауы.

Капитал жеткіліктілігін бағалау мақсатында Банкте Директорлар кеңесі бекіткен Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі туралы ереже (КЖБП) қолданылады.

КЖБП аясында Банкте:

- Банк қызметіне тән елеулі тәуекелдер айқындалып, бағаланады және бақыланады;
- капиталды стратегиялық жоспарлау орындайды;
- Банктің қаржылық орнықтылығына стресс-тестілеу жүргізіледі;
- Банктің меншікті капиталы жеткіліктілігінің нормативтік талаптарға сәйкестігі тұрақты қадағаланады.

Банктің ағымдағы тәуекелдер бейінін, алдағы даму жоспарларын және елеулі тәуекелдер бойынша жүргізілген стресс-тестілеу нәтижелерін ескере отырып, меншікті капиталға ықтимал қажеттілікті айқындау үшін капитал жеткіліктілігіне талдау жүргізу барысында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- 1) Банктің тәуекелдеріне тұрақты түрде стресс-тестілеу жүргізу және олардың жиынтық ықпалының меншікті капитал жеткіліктілігіне әсерін бағалау;
- 2) тәуекелдердің ағымдағы және болжамды деңгейлерін есептеу;
- 3) Банктің бюджетін / даму жоспарын / ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу / қайта қарау кезінде капиталды ұлғайту қажеттілігін айқындау;
- 4) Банктің бюджетін / даму жоспарын / ұзақ мерзімді стратегиясын Директорлар кеңесінің бекітуі, оның ішінде Банктің тәуекел-тәбеті стратегиясы ескеріле отырып, капитал деңгейін өзгертуге қатысты жоспарланған шараларды қарау және бекіту.

2025 жылы Банк өзгермелі экономикалық және қаржы жағдайында қаржылық орнықтылығын нығайту және қаржылық икемділігін арттыру мақсатында меншікті капиталды басқару саясатын жетілдіру жұмыстарын жалғастырды. Осы бағытта мынадай негізгі бастамалар іске асырылды:

Түзетілген редакция:

Банктің капиталының жеткіліктілігін бағалау реттеушілік капитал және ішкі (экономикалық) капитал аясында бағаланады.

Реттеушілік капитал Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі №85 қаулысымен бекітілген «Әмбебап банк лицензиясы бар банктер, базалық банк лицензиясы бар банктер және ислам банктері

сақтауға міндетті пруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың шекті мәндерін және есептеу әдістемелерін бекіту туралы» нормативтік талаптарға (бұдан әрі – №85 нормативтер) сәйкес есептеледі. Реттеушілік капиталды есептеу кезінде капитал жеткіліктілігінің барлық белгіленген коэффициенттері (k_1 , k_{1-2} , k_2), сондай-ақ тиісті капитал буферлері (консервациялық буфер және жүйелік буфер) ескеріледі.

Капитал жеткіліктілігінің (реттеушілік капиталдың) коэффициенттері буферлерді ескере отырып төмендегі кестеде келтірілген.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша консервациялық және жүйелік буферлер ескерілген капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері

№	Көрсеткіштің атауы	Консервациялық және жүйелік буферлер ескерілген капитал жеткіліктілігі коэффициентінің ең төменгі рұқсат етілетін деңгейі (%)	Консервациялық және жүйелік буферлер ескерілген капитал жеткіліктілігі коэффициентінің нақты деңгейі (%)
1	2	3	4
1.	Негізгі капиталдың жеткіліктілігі (k_1)	8,0 %	36,5%
2.	Бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілігі (k_{1-2})	9,0 %	36,5%
3.	Меншікті капиталдың жеткіліктілігі (k_2)	10,5 %	36,5%

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген, консервациялық және жүйелік буферлер ескерілген капитал жеткіліктілігі коэффициенттеріне қойылатын талаптарды сақтайды. Осыған байланысты №85 нормативтердің талаптарына сәйкес Банктің капиталдандыру деңгейінің жеткілікті қоры бөлінбеген пайданы пайдалануға шектеулердің қолданылуына негіз болмайды. Атап айтқанда, бұл дивидендтер төлеуді тоқтатуға немесе Банктің өз акцияларын кері сатып алуына шектеу қояды талап етпейді.

Банктің капиталының құрылымы туралы ақпарат

КАПИТАЛ	мың теңге	
	01.01.2025	01.01.2026
Акционерлік капитал	48 500 000	48 500 000
Өзге резервтер	701 457	406 150
Бөлінбеген пайда	49 116 297	67 443 389
ЖИЫНТЫҚ КАПИТАЛ	98 317 754	116 349 539

Банкте экономикалық (ішкі) капитал, қолжетімді капитал мен экономикалық (ішкі) капиталды есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі. Банк өзінің бизнес құрылымы мен қабылданатын тәуекелдер бейініне сай келетін экономикалық (ішкі) капиталды есептеу және бағалау модельдерін қолданады.

Экономикалық (ішкі) капиталдың жеткіліктілігін бағалау Банктегі стратегиялық жоспарлау, лимиттер белгілеу және тәуекелдерді басқару тиімділігін бағалауға байланысты басқару және шешім қабылдау процестерінің ажырамас бөлігі саналады.

Экономикалық (ішкі) капитал жеткіліктілігін бағалау процесі:

- 1) Банктің тәуекелдерін айқындауға, бағалауға, шоғырландыруға және бақылауға;
- 2) Банктің экономикалық (ішкі) капиталын жеткілікті деңгейде сақтауға;
- 3) тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыруға арналған.

VI. Банктің тәуекел-тәбетін айқындау тәртібі

Банкте тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында Директорлар кеңесі ішкі нормативтік құжат ретінде тәуекел-тәбеті стратегиясын бекітеді. Тәуекел-тәбеті стратегиясы Банктің даму стратегиясын іске асыру кезінде қабылданатын тәуекелдердің шекті деңгейін айқындайды. Сонымен қатар ол Банктің тәуекелдер бейінін белгілеп, тәуекелдердің іске асуына жол бермеуге немесе олардың Банктің қаржылық жағдайына тигізетін теріс әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Тәуекел-тәбеті стратегиясы:

- стратегиялық және бюджеттік жоспарлау кезінде;
- капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесінде (КЖБП) және өтімділік жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесінде (ӨЖБП);
- Банктің ұйымдық құрылымын қалыптастыру және еңбекақы төлеу саясатын әзірлеу кезінде басшылыққа алынады.

Тәуекел-тәбеті стратегиясына сәйкес Директорлар кеңесі тәуекел-тәбеті туралы мәлімдемені бекітеді. Бұл мәлімдеме бюджеттік жоспарлау мен Банктің операциялық қызметі барысында қабылданатын тәуекелдерге қатысты жалпы ұстанымды айқындайды.

Тиімді әзірленген тәуекел-тәбеті туралы мәлімдеме:

- Банктің даму стратегиясын ескере отырып әзірленеді;
- Банктің тәуекелдер бейінін назарға ала отырып, әрбір елеулі тәуекел түрі бойынша қабылданатын жиынтық тәуекел-тәбетінің деңгейін айқындайды;
- әрбір елеулі тәуекел түрі бойынша жиынтық тәуекел-тәбетінің деңгейін белгілеуге негіз болатын сандық көрсеткіштерді қамтиды;
- Банктің қандай тәуекелдерді қабылдайтынын немесе қандай тәуекелдерден бас тартатынын түсіндіретін сапалық сипаттағы тұжырымдарды қамтиды немесе сандық бағалау жүргізу мүмкін болмайтын беделдік және(немесе) өзге де тәуекелдерді бақылау тәсілдерін айқындайды;
- ықтимал оқиғаларды алдын ала бағалау қағидатына сүйенеді және тәуекел-тәбеті деңгейінің бұзылуына әкелуі мүмкін жағдайларды анықтау үшін стресс-тестілеу нәтижелерін ескереді.

Банк тәуекел-тәбетін айқындаған кезде стресс-тестілеу (сценарийлік талдау және сезімталдықты талдау) нәтижелеріне сүйене отырып, белгіленген тәуекел-тәбетінің ағымдағы кезеңдегі қолайлылығын және оның алдағы уақытта да қолайлы болып қалу мүмкіндігін бағалайды.

Егер тәуекелдер бейінінде сипатталмаған елеулі тәуекелдер анықталса, ҚТББ олардың деңгейін бағалайды, мұндай тәуекелдерді тәуекелдер бейініне енгізу үшін «Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі» (бұдан әрі – КЖБП) саясатына сәйкес қажетті рәсімдерді толықтырады, осы тәуекелдерге қатысты тәуекел-тәбетінің деңгейін айқындайды және олардың алдын алу және(немесе) салдарын барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлейді. Жиынтық тәуекел-тәбетінің деңгейі ҚТББ-ның ұсынысы негізінде Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және жылына кемінде бір рет қайта қаралады. Жекелеген тәуекел түрлеріне сай тәуекел-тәбетінің деңгейі нарықтағы жағдай өзгергенде және (немесе) Директорлар кеңесінің талаптары өзгергенде қайта қаралуы мүмкін. Бұл ретте олардың деңгейі бекітілген жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейінің шегінен аспауға тиіс.

Тәуекел-тәбеті Банктің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін тәуекелдердің қолайлы деңгейін көрсетеді. Тәуекел-тәбетінің көрсеткіштері Банктің стратегиялық жоспарлау кезінде басымдық беретін қызмет бағыттары ескеріле отырып айқындалады. Тәуекел-тәбеті стратегиясында қажет болған жағдайда жоғары басшылықтың уақтылы қарауын және шешім қабылдауын қамтамасыз ететін эскалациялау тәртібі белгіленеді. Банктің тәуекелдер бейіні – Банктің барлық қызмет түрлеріне тән тәуекелдерге ұшырау деңгейін сипаттайтын тәуекелдер түрлері мен өзге де мәліметтердің жиынтығы, ол әлсіз тұстарды айқындауға және тәуекелдерді басқару жүйесінде кейінгі іс-қимылдардың басымдықтарын белгілеуге мүмкіндік береді. Банктің ағымдағы тәуекелдер бейінінің негізгі көрсеткіштері «Өтімділік жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі» (ӨЖБП) және «Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі» (КЖБП) жөніндегі ішкі құжаттарда айқындалған.

Банктің жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейін есептеуге және айқындауға қатысатын алқалы органдар / құрылымдық бөлімшелер төмендегілер:

Банктің Директорлар кеңесі:

- 1) Банктің тәуекел-тәбеті стратегиясын бекітеді;
- 2) тәуекел-тәбеті туралы мәлімдеме негізінде Банктің жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейін бекітеді;
- 3) тәуекел-тәбеті стратегиясының және тәуекел-тәбеті деңгейлерінің сақталуын бақылайды.

Банктің Директорлар кеңесі тоқсанына кемінде 1 рет тәуекел-тәбеті деңгейлерінің нақты мәндері мен олардың сақталу жай-күйі туралы ақпаратты қарайды. Директорлар кеңесі тәуекел-тәбеті деңгейлері туралы ақпаратпен танысады, Банктің Басқармасы ұсынған шаралардың жеткіліктілігін бағалайды және қажет болған жағдайда тәуекелдерді барынша азайтуға арналған қосымша шараларды ұсынуға құқылы.

Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттер:

- 1) Банктің Тәуекел-тәбеті стратегиясының әзірленуін қамтамасыз етеді;
- 2) Банктің жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейін және әрбір елеулі тәуекел түрі бойынша тәуекел-тәбетінің деңгейін айқындап, оларды Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынады;
- 3) тәуекел-тәбеті деңгейлерінің нақты мәндері мен олардың сақталу жай-күйі туралы ақпаратты қарайды.

Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттер тоқсанына кемінде 1 (бір) рет тәуекел-тәбеті деңгейлерінің нақты мәндері мен олардың сақталу жай-күйі туралы ақпарат алады.

Банктің Басқармасы:

- 1) Банктің тәуекел-тәбеті стратегиясын алдын ала мақұлдайды;
- 2) Банктің жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейін айқындау (есептеу) жұмыстарын ұйымдастырады;
- 3) тәуекел-тәбеті туралы мәлімдемеде көзделген Банктің жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейін алдын ала мақұлдайды;
- 4) Банктің жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейі айқындалғаннан (есептелгеннен) кейін оның қорытындылары бойынша есепті қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Банктің Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару

мәселелері жөніндегі комитеттерге ұсынады;

5) Банктің Директорлар кеңесі бекіткен жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейі шегінде тәуекелдер бойынша лимиттерді бекітеді;

6) Банктің жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейі мен стратегиясын ескере отырып, Банктің капитал деңгейін өзгертуге қатысты ұсыныстарды айқындайды.

Қызмет бағыттары бойынша жауапты бизнес-иелері өз құзыреті аясында тәуекелдерге, оның ішінде олардың елеулілік өлшемшарттарына бағалау жүргізеді және тәуекел елеулі деп танылғаннан кейін әрбір елеулі тәуекел бойынша сандық және сапалық көрсеткіштерді, сондай-ақ тәуекел-тәбеті туралы мәлімдемені айқындайтын ішкі құжатты әзірлейді. Тәуекелдердің бизнес-иелері, яғни тәуекел-тәбеті деңгейлерін есептеуге және қадағалауға жауапты тұлғалар, тәуекел-тәбеті деңгейлерін есептеу әдістерін сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштер түрінде әзірлейді.

Банктің елеулі тәуекелдер бойынша тәуекел-тәбеті деңгейлері тәуекелдің мынадай шектерін қамтиды:

1) түзету шараларын қолдануды қажет етпейтін деңгей. Бұл деңгейге Банк тәуекел-тәбеті туралы мәлімдемеде белгіленген бастапқы тәуекел-тәбеті деңгейін жатқызады;

2) жол берілетін деңгей. Бұл деңгей тәуекелдерді басқару жүйесінің қолданыстағы рәсімдеріне тәуекел деңгейін төмендетуге арналған жекелеген түзету шараларын енгізуді талап етеді;

3) сыни деңгей. Бұл деңгей Банктің қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілетінің нашарлауына жол бермеу үшін тиісті шаралардың дереу қабылдануын талап етеді.

Тәуекел-тәбеті стратегиясында тәуекел-тәбеті деңгейлерінің шегіне қол жеткізілгенде және (немесе) олар бұзылған кезде қолданылатын іс-қимыл тәртібі белгіленген.

1) Түзету шараларын қолдануды қажет етпейтін бастапқы деңгейге қол жеткізілген жағдайда тәуекел-тәбеті деңгейлерін қадағалауға және есептеуге жауапты тәуекелдердің бизнес-иелері бұл ақпаратты тәуекел-тәбеті деңгейлерін қадағалау туралы есепте көрсетеді және басқарушылық есептілік арқылы Банктің Басқармасына, Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттерге және Директорлар кеңесіне ұсынады.

2) Жол берілетін деп айқындалған деңгейге қол жеткізілген, бірақ тәуекел деңгейін төмендету үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің қолданыстағы рәсімдеріне жекелеген түзету шараларын енгізу қажет болған жағдайда, тәуекел-тәбеті деңгейлерін қадағалауға және есептеуге жауапты тәуекелдердің бизнес-иелері бұл ақпаратты тәуекел-тәбеті деңгейлерін қадағалау туралы есепте көрсетіп, оны басқарушылық есептілік арқылы Банктің Басқармасына, Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттерге және Директорлар кеңесіне ұсынады.

Бұл ретте Банктің Басқармасы мынадай іс-қимылдар қабылдайды:

а) қажет болған жағдайда осы деңгейде түзету шараларын қабылдау үшін қажетті іс-шараларды әзірлейді;

б) Басқарма белгілеген іс-шаралардың уақтылы орындалуына жауапты құрылымдық бөлімшелерді айқындайды;

в) түзету шараларын іске асыру үшін жауапты құрылымдық бөлімшелердің іс-шараларды орындау мерзімдерін белгілейді;

г) іс-шаралардың уақтылы орындалуына тұрақты қадағалау жүргізеді.

3) Банктің қаржылық тұрақтылығыны мен төлем қабілетінің нашарлауына жол бермеу үшін тиісті шаралар қабылдауды талап ететін жоғары деңгейге қол жеткізілген және/немесе ол деңгей бұзылған жағдайда, бұл ақпарат тәуекел-тәбеті деңгейлерін қадағалау туралы есепте көрсетіледі және тәуекел-тәбеті деңгейлерін қадағалауға әрі есептеуге жауапты

тәуекелдердің бизнес-иелері оны басқарушылық есептілік арқылы Банктің Басқармасына, Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттерге және Директорлар кеңесіне ұсынады.

Бұл ретте Банктің Басқармасы мынадай іс-қимылдар қабылдайды:

- а) осы деңгейде түзету шараларын қабылдау үшін қажетті іс-шараларды әзірлейді;
- б) Басқарма белгілеген іс-шаралардың уақтылы орындалуына жауапты құрылымдық бөлімшелерді айқындайды;
- в) түзету шараларын іске асыру үшін Банктің жауапты құрылымдық бөлімшелерінің іс-шараларды орындау мерзімдерін белгілейді;
- г) іс-шаралардың уақтылы орындалуына тұрақты қадағалау жүргізеді;
- д) Банктің Директорлар кеңесін тәуекел-тәбетінің жоғары деңгейіне қол жеткізілгені және оны төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар туралы уақтылы хабардар етеді.

Банктің тәуекел-тәбеті туралы мәлімдемесіне сәйкес тәуекел-тәбеті деңгейлерінің сақталуына мерзімді түрде қадағалау жүргізіледі. Қадағалау нәтижелері бойынша дайындалған ақпарат тәуекелдер жөніндегі басқарушылық есептілік құрамында Банктің уәкілетті органдарының, оның ішінде Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

Банктің капиталына елеулі ықпал ететін негізгі тәуекелдерге кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекел (валюталық және пайыздық тәуекелдер) және операциялық тәуекел жатады. Аталған тәуекелдер бойынша жиынтық тәуекел-тәбеті деңгейлері (сандық және сапалық көрсеткіштер), олардың есепті кезең қорытындылары бойынша нақты мәндері, сондай-ақ Банктің меншікті капиталының жеткілікті әсері Банктің тиісті есепті кезеңге арналған Жылдық есебінде жарияланып, Банктің сыртқы интернет-ресурсында орналастырылады.

VII. Банктің елеулі тәуекелдері

Банк тәуекелдердің жол берілетін деңгейлерін айқындау және есептеу әдістемесіне сәйкес мынадай елеулі тәуекелдерді ескереді:

№	Тәуекел түрі	Тәуекелдерді жіктеу
1	Кредитный	Қарыз алушының немесе контрагенттің шартта көзделген міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау ықтималдығы.
2	Нарықтық тәуекел	Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдары мен тауарлардың нарықтық құнының қолайсыз өзгеруі салдарынан баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылық шығынға ұшырау ықтималдығы.
	Валюталық тәуекел	Банктің қызметі барысында шетел валюталары бағамдарының қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық шығынға ұшырау ықтималдығы.
	Пайыздық тәуекел	Активтер, міндеттемелер және баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық шығынға ұшырау ықтималдығы.

3	Өтімділік тәуекелі	Банктің өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде елеулі шығынға ұшырамай орындауға қабілетсіз болуы салдарынан шығынға ұшырау ықтималдығы.
4	Бағалық (қор) тәуекелі	Қаржы құралдары мен тауарлардың нарықтық құнының қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық шығынға ұшырау ықтималдығы.
5	Операциялық тәуекел	Ішкі процестердің, адам ресурстарының және жүйелердің жеткіліксіздігі немесе тиімсіздігі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығынға ұшырау ықтималдығы және бұған заңдық тәуекел де кіреді (бірақ стратегиялық тәуекел мен беделдік тәуекел кірмейді).
6	Стратегиялық тәуекел	Банктің қызметі мен даму стратегиясын айқындайтын шешімдерді қабылдау (стратегиялық басқару) кезінде жіберілген қателіктердің (кемшіліктердің) салдарынан шығынға ұшырау немесе жоспарланған кірісті ала алмау тәуекелі. Бұл тәуекел Банктің қызметіне қатер төндіруі мүмкін қауіптерді ескермеуден немесе жеткілікті дәрежеде ескермеуден, Банктің бәсекелестер алдында артықшылыққа қол жеткізе алатын перспективалы қызмет бағыттарын дұрыс айқындамаудан немесе жеткілікті негіздемемен айқындамаудан, сондай-ақ Банктің қызмет мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық, еңбек ресурстары) және ұйымдастырушылық шаралардың (басқарушылық шешімдердің) болмауынан немесе жеткілікті көлемде қамтамасыз етілмеуінен туындайды.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банк қолжетімді меншікті капиталының көлемі экономикалық (ішкі) капиталдың есептік көлемінен жеткілікті деңгейде асып түсуін қамтамасыз етті.

1. Нарықтық тәуекел

Тәуекелдің анықтамасы

Банкте нарықтық тәуекел валюталық тәуекел мен пайыздық мөлшерлеме тәуекелі тұрғысынан Банктің баланстық және баланстан тыс позицияларының шығынға ұшырау ықтималдығы ретінде айқындалады.

Тәуекелді өлшеу

Банк ұшырауы мүмкін нарықтық тәуекелдерді анықтау мақсатында тәуекелдерді өлшеу мен қадағалауды тұрақты негізде жүргізеді және оның нәтижелерін стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде ескереді. Нарықтық тәуекелге ұшырайтын сома ай сайын есептеледі, ал есептеу нәтижелері заңнамада көзделген есептілік құрамында қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органға ұсынылады.

Нарықтық тәуекелді өлшеу жүйесі заңнама талаптарына, Банктің қызмет бағыттарына және ұсынатын өнімдерінің ерекшеліктеріне сәйкес келетіндей, сенімді әрі дәйекті

қолданылатын жүйе ретінде қалыптастырылған. Осы мақсатта нарықтық тәуекелді өлшеу және қадағалау үшін кемінде мынадай жұмыстар жүргізіледі:

- нарықтық тәуекелге ұшырайтын соманы және жарғылық капиталға қойылатын талаптарды есептеу;
- тәуекелдегі құнды (VaR) талдау және кері тестілеу жүргізу;
- Банктің нарықтық тәуекел бойынша белгіленген лимиттерді сақтауына қадағалау жүргізу.

Банк нарықтық факторлардың ықпалына ұшырауы мүмкін портфельдің нарықтық тәуекелін жан-жақты басқару үшін статистикалық модельдер мен жүйелерді пайдалана отырып, тұрақты техникалық тексерулер жүргізеді. Нарықтық тәуекелді басқару үдерісіне қатысатын бөлімшелер сценарийлік талдау мен стресс-тестілеу нәтижелерін, сондай-ақ нарықтық тәуекелге қатысты қажетті ақпарат пен коэффициенттерді қамтитын есептерді тұрақты түрде дайындайды.

Нарықтық тәуекелдің шекті мәндері Банктің тәуекелге бейімділігі мен нарықтағы өзгерістер ескеріле отырып тұрақты түрде талданады.

Банк қолданатын модельдің дәлдігі мен сәйкестігі тарихи деректерге жүргізілетін талдау арқылы жүйелі түрде тексеріледі.

Соның нәтижесінде қолданылатын тәсілдер Банктің тәуекел профиліне толық сәйкес келеді.

Есепті күні нарықтық тәуекелге ұшыраудың абсолюттік көрсеткіштері бастапқы тәуекел деңгейінде болды.

Тәуекелді басқару

Нарықтық тәуекелді басқару аясында тәуекелді өлшеу, қадағалау, шектеу және стресс-тестілеу жұмыстары Банктің нарықтық тәуекелге ұшырау деңгейі мен операцияларының күрделілік дәрежесі ескеріле отырып жүргізіледі. Жүргізілген талдау нәтижелері тұрақты түрде есеп түрінде ұсынылады. Нарықтық тәуекелді басқару кемінде мынадай іс-шараларды қамтиды:

- ✓ Нарықтық тәуекелге ұшырайтын шоттар мен позицияларды, сондай-ақ олардың құнына әсер ететін нарықтағы өзгерістерді күн сайын қадағалау;
- ✓ Нарықтық тәуекелге ұшырайтын соманы есептеу және нарықтық тәуекелді жабу үшін бөлінуі тиіс жарғылық капитал мөлшерін айқындау;
- ✓ Нарықтық тәуекелге қатысты лимиттер мен ескерту көрсеткіштері жүйесін белгілеу және олардың сақталуына тұрақты қадағалау жүргізу.

Нарықтық тәуекелді басқару заңнама талаптарына және Банктің Директорлар кеңесі бекіткен қағидаттар мен талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Нарықтық тәуекелді басқаруға қатысты Банктің стратегиясы, саясаты және оларды іске асыру тәртібі Банктің тиісті ішкі құжаттарында айқындалған. Ішкі регламенттер тұрақты түрде қайта қаралып, қажет болған жағдайда оларға өзгерістер енгізіледі.

«Шетел валютасындағы жалпы таза позиция / меншікті капитал» арақатынасы валюталық тәуекелді қадағалау мақсатында жүргізілетін VaR талдауы мен есептілік барысында тұрақты бақыланады. Сонымен қатар Директорлар кеңесі бекіткен VaR негізіндегі валюталық тәуекел лимитінің сақталуы да жүйелі түрде қадағаланады. Бұдан бөлек, нарықтық тәуекелді басқару стратегиясы Банктің жалпы саясаты мен стратегиясын, нарықтағы өзгерістерді және экономикалық ахуалды ескере отырып, Банктің Директорлар кеңесінің Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитетінің отырыстарында тұрақты түрде қаралады.

Нарықтық тәуекелді басқару стратегиясы Банктің қызмет көлеміне, операцияларының сипаты мен күрделілік деңгейіне сәйкес айқындалған.

Тәуекел-тәбеті және тәуекел лимиттері

Нарықтық тәуекелге ұшырайтын портфельге қолайсыз факторлардың елеулі ықпал етуіне жол бермеу мақсатында тәуекел деңгейлері Банктің тәуекел-тәбетіне сәйкес белгіленген шектермен шектеледі.

Нарықтық тәуекел сигналдары

Тәуекел лимиттері қабылдануы мүмкін тәуекел деңгейі, операциялардың, өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің көлемі мен күрделілігі ескеріле отырып белгіленеді. Қажет болған жағдайда олар нарық жағдайының өзгерістеріне, Банктің стратегиясына және тәуекел-тәбетіне сәйкес тұрақты түрде қайта қаралып, жаңартылып отырады.

Нарықтық тәуекелдер серпіні

Тәуекел атауы	01.01.2025	01.01.2026
Нарықтық тәуекелдер		
Меншікті капиталдағы ашық валюталық позиция	0.08%	0.12%
Пайыздық тәуекелдер бойынша ашық позиция (сауда портфелі)	жоқ	жоқ

Қаржылық тәуекелдерді басқару бөлімшесі (ҚТББ) нарықтық тәуекел лимиттерінің мәндерін жүйелі әрі мұқият қадағалайды, ал лимит параметрлері бойынша белгіленген шекті деңгейлер туралы ақпарат Банктің жоғары басшылығының назарына ұсынылады. Банкте лимиттердің асып кетуі туралы басшылыққа жедел хабарлауға арналған есептілік жүйесі жұмыс істейді. Мұндай жағдайда тәуекелді төмендету, тәуекелді беру немесе оның алдын алу, сондай-ақ өзге де тиісті шараларды қабылдау мәселелері қаралады. Лимиттер асып кеткен жағдайда алдағы стратегиялары мен саясаттары, оның ішінде бюджеттік көрсеткіштері қайта қаралуы және қажет болған кезде түзетілуі мүмкін.

2. Операциялық тәуекел

Тәуекелдің анықтамасы

Банкте операциялық тәуекел заңдық тәуекелді қоса алғанда, ішкі процестердің, адамдардың және жүйелердің жеткіліксіздігі немесе тиісінше жұмыс істемеуі салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсерінен шығындардың туындау ықтималдығы ретінде айқындалады.

Тәуекелді өлшеу

Банк ұшырауы мүмкін операциялық тәуекелдерді анықтау мақсатында тәуекелдерді өлшеу және қадағалау жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді және оның нәтижелерін стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде ескереді. Анықталған операциялық тәуекелдер жөніндегі ақпарат реттеушінің талаптарына сәйкес ұсынылатын есептілік құрамында қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органға жолданады.

Операциялық тәуекелді өлшеу жүйесі озық тәжірибеге негізделіп қалыптастырылған және заңнама талаптарына, Банктің қызмет бағыттарына әрі өнімдерінің түрлеріне сәйкес келеді және бұл жүйе сенімділігімен ерекшеленеді және дәйекті түрде қолдануға мүмкіндік береді. Операциялық тәуекел салдарынан туындауы мүмкін шығындарды жабуға жеткілікті капитал көлемін айқындауға мүмкіндік беру үшін операциялық тәуекелге ұшырайтын сома заңнама талаптарына сәйкес есептеледі.

Банк тәуекелге бейімділігін және қолданыстағы заңнама талаптарын ескере отырып, жекелеген бизнес-процестерден, операциялық шығындардың түрлерінен немесе ақпараттық жүйелерден туындайтын операциялық шығындардың шоғырлануын басқарады.

Операциялық тәуекел сигналдары

Тәуекел атауы	01.01.2025	01.01.2026
Операциялық тәуекелдер		
Операциялық шығындар көлемі (мың теңге)	738	75 529
Операциялық тәуекелдердің капиталға қатынасы	0.001%	0.065%

Сонымен қатар операциялық тәуекелге белгіленген ішкі лимиттердің сақталуы тұрақты түрде қадағаланады.

Өзіндік бағалау

Операциялық тәуекелдің өзге тәуекел түрлерінен ерекшелігі, оның табиғатында сандық өлшеуге болатын нақты көрсеткіштің болмауы. Сондықтан оны сандық тұрғыдан бағалау да, өлшеу де күрделі. Қарапайым және жетілдірілген өлшеу әдістері арқылы сандық бағалау тәсілдері осы құжаттың өзге бөлімдерінде қарастырылған, ал тәуекелді бағалау мақсатында Банк өзіндік бағалау жүргізеді. Бұл бағалау Банктің бизнес-бөлімшелеріне тән операциялық тәуекелдерді қамтиды.

Өзіндік бағалау кезінде Банктің барлық бөлімшелеріне өздерінің қолданыстағы процестері, атқаратын міндеттері мен жауапкершілігі барысында туындауы мүмкін тәуекелдерді, олардың туындау ықтималдығын, қайталану жиілігін, болуы мүмкін шығын мөлшерін, ықпал ету деңгейін, тәуекелдің себептерін және оны төмендететін факторларды сараптамалық қорытынды негізінде айқындау ұсынылады. Бөлімшелер ұсынған мәліметтер жинақталып, ықтимал шығынның жалпы көлемі мен күтілетін шығын сомасы есептеледі.

Тәуекелді басқару

Банкте операциялық тәуекелді басқару мақсатында тәуекелді өлшеу, қадағалау, шектеу және стресс-тестілеу жұмыстары операциялардың құрылымы мен күрделілігі ескеріле отырып жүргізіледі. Атқарылған жұмыстардың нәтижелері тұрақты түрде есеп түрінде ұсынылады.

Тәуекел-тәбеті және тәуекел лимиттері

Операциялық тәуекелдің теріс салдарының Банк қызметіне елеулі әсер етуіне жол бермеу үшін тәуекел деңгейлері Банктің тәуекел-тәбетіне сәйкес белгіленген лимиттермен шектеледі. Лимиттер жүйесі Директорлар кеңесі бекіткен ережеге сәйкес қолданысқа енгізілген.

Тәуекел лимиттері қабылданатын тәуекел деңгейі, Банктің қызмет көлемі мен күрделілігі, өнімдері мен көрсетілетін қызметтері ескеріле отырып белгіленеді және қажет болған жағдайда олар нарықтағы өзгерістерге, Банктің стратегиясына және тәуекел-тәбетіне сай қайта қаралып, жаңартылып отырады. Тәуекел лимиттерін белгілеу кезінде операциялық тәуекелдерден келген шығындар дерекқоры пайдаланылады.

- Сигнал мәндері асып кеткен жағдайда, Ішкі бақылау және операциялық тәуекелдерді басқару бөлімшесі операциялық тәуекелдердің туындау себептерін талдау және қажетті шараларды қабылдау үшін тиісті бөлімшелерге хабарлайды.
- Лимиттердің шекті мәндері асып кеткен жағдайда, Ішкі бақылау және операциялық тәуекелдерді басқару бөлімшесі лимиттің асып кетуіне себеп болған операциялық тәуекелдерді талдау жөнінде тиісті бөлімшеге хабарлайды, қажет болған кезде жүргізілген бағалау нәтижелері ескеріліп, бизнес-процестер мен бақылау рәсімдеріне өзгерістер енгізіледі немесе тәуекелді төмендетуге арналған өзге де шаралар қабылданады. Лимиттер асып кеткен жағдайда тәуекелді төмендету, басқа

тарапқа беру немесе оның туындауына жол бермеу мәселелері қаралады. Сондай-ақ лимиттер асып кеткен жағдайда, Банктің алдағы стратегиялары мен саясаттары, оның ішінде бюджеттік көрсеткіштері қайта қаралып, қажет болған жағдайда түзетіледі.

3. Банк кітабының пайыздық тәуекелі

Тәуекелдің анықтамасы

Банк кітабының пайыздық тәуекелі баланстық және баланстан тыс шоттар мен позициялардың өтеу мерзімдері мен қайта бағалау мерзімдерінің сәйкес келмеуі, сондай-ақ пайыздық кірістер мен шығыстар құрылымындағы айырмашылықтар салдарынан шығындардың туындау ықтималдығы ретінде айқындалады.

Тәуекелді өлшеу

Банк ұшырауы мүмкін банк кітабының пайыздық тәуекелін анықтау мақсатында тәуекелдерді өлшеу және қадағалау жұмыстарын жүргізеді. Алынған нәтижелер Банктің стратегиялық шешімдер қабылдау үдерісінде ескеріледі. Осы мақсатта өлшеу және қадағалауға қатысты мынадай талдау жүргізіледі:

- Активтер мен пассивтердің өтеуге дейінгі қалған мерзімдері арасындағы алшақтықты талдау;
- Нарықтық пайыздық мөлшерлемелер өзгерген кездегі әділ құн мен таза пайыздық тәуекелдің өзгерісін талдау.

Тәуекелді басқару

Банк тәуекелдерді басқару позицияларының құрылымы мен күрделілігіне сәйкес тәуекелді өлшеу, қадағалау, лимиттер белгілеу, стресс-тестілеу және сценарийлік талдау жүргізеді. Сондай-ақ жүргізілген талдау нәтижелері тұрақты түрде есеп түрінде ұсынылады және Банктің бүкіл балансы бойынша пайыздық тәуекелге талдау жасалады. Осы мақсатта кемінде мынадай жұмыстар жүргізіледі:

- Пайыздық мөлшерлемесі бар ресурстар мен оларды орналастыру бағыттарының пайыздық мөлшерлемелері мен өтеу мерзімдерінің сәйкестігін қадағалау.
- Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі немесе өсуі, сондай-ақ қалыпты және төтенше өзгерістерінің пайыздық маржаға, активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнына ықпалын талдау және бағалау;
- Кірістілік қисығы тәуекелінің деңгейін қадағалау.

4. Өтімділік тәуекелі

Тәуекелдің анықтамасы

Қаржыландыруға байланысты өтімділік тәуекелі – ақша ағындарының сәйкес келмеуі немесе теңгерімсіздігі салдарынан Банктің ағымдағы және болашақтағы күтілетін не күтпеген міндеттемелерін уақытылы әрі толық көлемде орындай алмауы және соның салдарынан Банктің қызметі мен жалпы қаржылық жағдайына теріс әсер ету ықтималдығы.

Тәуекелді өлшеу

Банк тап болуы мүмкін өтімділік тәуекелін анықтау үшін тәуекелді өлшеу және қадағалау жұмыстарын жүргізеді және алынған нәтижелер Банктің стратегиялық шешімдер қабылдау үдерісінде ескеріледі. Осы мақсатта кемінде мынадай талдаулар жүргізіледі:

- Активтер мен міндеттемелердің өтеуге дейінгі қалған мерзімдері негізіндегі өтімділік алшақтығын талдау;

- Депозиттердің негізгі құбылмалылық коэффициенттерін ескере отырып, құрылымдық өтімділік алшақтығын талдау;
- Өтімділікті жабу коэффициентін есептеу;
- Таза тұрақты қаржыландыру коэффициентін есептеу.

Сонымен қатар қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес өтімділік коэффициенттеріне қатысты өзге де есептеулер жүргізіледі.

Өтімділікті жабу коэффициенті

Өтімділікті жабу коэффициенті Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтердің сақталуын қамтамасыз ету және өтімділік тәуекелін басқару мақсатында Банктің алдағы 30 күн ішінде орын алуы мүмкін ақша қаражатының таза шығысын жабуға жеткілікті көлемде жоғары сапалы өтімді активтер қорының бар-жоғын бағалап, өтімділіктің ең төменгі қажетті деңгейін айқындау үшін есептеледі.

Таза тұрақты қаржыландыру коэффициенті

Таза тұрақты қаржыландыру коэффициенті банктердің ұзақ мерзімді кезеңде ұшырауы мүмкін қаржыландыру тәуекелінің алдын алу және өтімділік деңгейінің төмендеуіне жол бермеу үшін тұрақты қаржыландырудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында есептеледі.

Қазіргі кезде өтімділікті бағалау кезінде қолданылатын модельдер жергілікті реттеуші белгілеген нормативтік талаптарды ескере отырып, барынша консервативті тәсілге негізделген. Сонымен қатар халықаралық тәжірибе мен Базель комитетінің ұсынымдарына сәйкес есептелетін LCR және NSFR көрсеткіштері Банкте белгіленген ең төменгі талаптардан едәуір жоғары деңгейде қалыптасқан. Осыған байланысты Банктің активтері мен міндеттемелерінің барынша өтімді құрылымын қалыптастыру жоспарланған.

Тәуекелді басқару

Банкте өтімділік тәуекелін басқару мақсатында тәуекел позицияларының құрылымы мен күрделілігі ескеріле отырып, тәуекелді өлшеу, қадағалау, шектеу, стресс-тестілеу және сценарийлік талдау жүргізіледі, ал оның нәтижелері есеп түрінде ұсынылады.

Өтімділік тәуекелін басқару аясында жүргізілетін стресс-тестілеу сценарийлерінде клиенттердің салымдарын қайтарып алу ықтималдығы қарастырылып, өтімділік көкжиегінің болжамды көрсеткіштері ескеріледі.

Өтімділіктің нормативтік коэффициенттері:

- 1) Өтімділік коэффициенттері (k4, k4-1, k4-2, k4-3, k4-4, k4-5, k4-6): компанияның қысқа мерзімді міндеттемелерін уақытылы өтеуге жеткілікті жоғары өтімді активтер қорының бар екенін көрсетеді. Бұл коэффициенттер ақша қаражаты, ақша қаражатының баламалары және тез өткізілетін активтер есебінен ұйымның ағымдағы міндеттемелерін орындау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Коэффициенттердің жоғары болуы өтімділік деңгейінің жеткілікті екенін, ал төмен болуы қысқа мерзімді кезеңде төлем қабілетіне байланысты тәуекелдердің туындауы мүмкін екенін білдіреді. Осы коэффициенттерді талдау басшылыққа және инвесторларға өтімділік пен қаржылық тұрақтылықты басқаруға қатысты негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.
- 2) LCR (Liquidity Coverage Ratio) коэффициенті: Банктің алдағы 30 күн ішінде күтілетін ақша қаражатының таза шығысын жабуға жеткілікті көлемде жоғары өтімді активтерінің бар-жоғын көрсетеді.
- 3) NSFR (Net Stable Funding Ratio) коэффициенті: Банктің ұзақ мерзімді кезеңдегі қорландыру құрылымының тұрақтылығын бағалайды.

Банкте өтімділік тәуекелін басқару жұмыстарын тәуекелдерді басқару бөлімшесі мен өтімділікті басқару бөлімшесі бірлесіп жүргізеді.

Тәуекел-тәбеті және тәуекел лимиттері

Нарықтардағы құбылмалылықтың артуы және ақша қаражатының түсімі мен шығысына байланысты туындауы мүмкін қолайсыз жағдайлар Банктің қаржылық орнықтылығына елеулі әсер етпеуі үшін тәуекел деңгейлері Банктің тәуекел бейіні мен тәуекелге төзімділік деңгейіне сәйкес келетін шектерде белгіленеді, ал бұл шектерден асып кеткен жағдайда, оның активті немесе пассивті екені айқындалады.

Лимиттер немесе сигналдық мәндер асып кеткен жағдайда бұл туралы басшылыққа хабарлама жіберіледі. Қаржылық тәуекелдерді басқару бөлімшесі лимиттің асып кетуіне себеп болған мән-жайларды талдау, қажет болған жағдайда бизнес-процестер мен бақылау рәсімдеріне түзетулер енгізу немесе тәуекелді төмендетуге арналған өзге де шараларды қабылдау мәселелері жөнінде тиісті бөлімшелерге хабарлайды. Мұндай жағдайда тәуекелді төмендету, басқа тарапқа беру немесе оның туындауына жол бермеу секілді шаралар қаралады. Лимиттер мен сигналдық мәндер асып кеткен кезде Банктің болашақ стратегиялары мен саясаттары, оның ішінде бюджеттік көрсеткіштері қайта қаралып, қажет болса түзетіледі. Шекті және сигналдық мәндер, сондай-ақ лимиттер төмендегі кестеде келтірілген.

Өтімділік коэффициенттерін қадағалау

Тәуекел атауы	01.01.2025	01.01.2026
Өтімділік тәуекелі		
Ағымдағы өтімділік коэффициенті (k4)	1.623	2.165
Өтімділік коэффициенті (k4-1)	8.674	7.423
Өтімділік коэффициенті (k4-2)	4.492	3.251
Өтімділік коэффициенті (k4-3)	3.730	2.547
Жедел валюталық өтімділік коэффициенті (k4-4)	1.681	1.324
Жедел валюталық өтімділік коэффициенті (k4-5)	3.864	2.311
Жедел валюталық өтімділік коэффициенті (k4-6)	4.386	2.300

Өтімділікті жабу коэффициентін қадағалау

Атауы	01.01.2025	01.01.2026
Барлығы жоғары сапалы өтімді активтер	71 033 218	74 429 984
Ақша қаражатының түсімі	37 679 547	29 349 012
Ақша қаражатының шығысы	44 416 643	38 835 653
Ақша қаражатының жалпы таза шығысы	11 104 161	9 708 913
LCR	6.397	7.666

Таза тұрақты қорландыру коэффициентін қадағалау

Атауы	01.01.2025	01.01.2026
Қолжетімді тұрақты қорландыру	208 738 489	235 598 189
Қажетті тұрақты қорландыру активтері	136 260 380	146 315 585
Қажетті шартты және ықтимал тұрақты қорландыру міндеттемелері	6 465 706	7 180 885
NSFR	1.463	1.535

5. Кредиттік тәуекел

Тәуекелдің анықтамасы

Кредиттік тәуекелді басқару кезінде Банк, кредиттік тәуекелді басқаруды да қамтитын, тәуекелдерді кешенді басқару қағидаттарын басшылыққа алады.

Кредиттік тәуекелді басқарудың негізгі кезеңдері (анықтау, бағалау, реттеу, қадағалау және бақылау) Банктің мынадай ішкі құжаттарымен реттеледі:

- 1) Банктің Кредиттік саясаты;
- 2) Кредиттік комитеттер туралы ереже;
- 3) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі;
- 4) Кредит беру тәртібі мен қағидаларын реттейтін өзге де ішкі нормативтік құжаттар.

Банк кредиттік тәуекелдің жол берілетін деңгейін мына негіздерге сүйене отырып айқындайды:

- Банктің тәуекел-тәбетінің нақты айқындалған өлшемдері (лимиттері) мен критерийлері, яғни қаржылық орнықтылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін ықтимал шығындардың туындау мүмкіндігін ескере отырып, Банк қабылдауға дайын кредиттік тәуекелдің жиынтық деңгейі;
- кредиттік тәуекелдің жекелеген түрлерін біріктіру арқылы айқындалатын Банктің жиынтық кредиттік тәуекелінің көрсеткіштері;
- жиынтық кредиттік тәуекелді кредиттік тәуекелдің жекелеген түрлері арасында бөлу рәсімдері.

Директорлар кеңесі жылына кемінде бір рет келесі жылға арналған Банктің кредиттік тәуекелінің ең жоғары жол берілетін деңгейін және тәуекел-тәбетін бекітеді.

Банк кредиттік тәуекелдің жол берілетін деңгейін анықтау, бағалау және қадағалау рәсімдері арқылы тұрақты бақылап отырады.

Кредиттік тәуекелді анықтау – кредиттік факторлардың өзгеруіне тәуелді баланстық және баланстан тыс талаптарды, сондай-ақ Банктің алдағы уақытта жүргізілетін кредиттік тәуекелге ұшырауы мүмкін операцияларды айқындау үдерісі. Банкте кредиттік тәуекел борышкердің шарт талаптарын бұзып, өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде толық немесе ішінара орындамауы салдарынан шығынға ұшырау ықтималдығы.

Банк өз қызметіне тән тәуекелдердің ішінде кредиттік тәуекелді ең елеулі тәуекел ретінде қарастырады.

Банк кредиттік тәуекелдің мынадай **түрлерін** ажыратады:

- 1) Кредиттің өтелмеу немесе уақытылы өтелмеу тәуекелі, бұл қарыз алушының кредит шарты бойынша негізгі борышты және сыйақыны толық әрі уақытында қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындамау, кредиттің қайтарылуын кешіктіру немесе сыйақыны 90 күннен астам мерзімге төлемей (NPL) ықтималдығы және бұл өтімді қаражатының азаюына әкелуі (кейіннен кредиттің өтелмеу тәуекеліне ұласуы) мүмкін.
- 2) Кредитті қамтамасыз ету тәуекелі, бұл кепіл мүлкін өткізудің қиындау ықтималдығымен (өтімділігінің төмен болуы / кепіл құнының негізсіз жоғары бағалануы) сипатталатын тәуекел. Бұл тәуекел кредиттің өтелмеу тәуекелі туындаған кезде қарастырылады.
- 3) Төлем қабілеттілігі (кредит қабілеттілігі) тәуекелі – қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін орындау қабілетінен айырылу ықтималдығы.
- 4) Шоғырлану тәуекелі – кредиттік портфельдегі кредиттердің валюталар, кепіл түрлері, экономикалық қызмет салалары, аффилиирленуі және клиенттердің орналасқан елдері бөлінісінде шамадан тыс шоғырлануы салдарынан туындайтын тәуекел.

Банк кредиттік тәуекелдерді басқарудың барлық кезеңінде шешім қабылдау кезінде осы жіктеуді қолданады, бұл кредиттік тәуекел лимиттерін уақытылы әрі негізді белгілеуге және тәуекел деңгейін басқаруға қажетті өзге де шараларды дер кезінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Банк кредиттік тәуекелді басқарудың мынадай құралдарын қолданады:

- қарыз алушылардың, бағалы қағаздар эмитенттерінің және контрагент банкердің қаржылық жағдайын бағалау;
- тәуекел индикаторларын қадағалау және бақылау;
- лимиттер белгілеу;
- резервтер қалыптастыру;
- жасалған мәмілелерді бақылау;
- кредиттік портфель мен инвестицияларды әртараптандыру;
- кепілмен қамтамасыз етуді және кепіл мүлкінің жай-күйін қадағалау;
- қызметкерлердің өкілеттіктерін бөлу.

Тәуекелді өлшеу

Банк туындауы мүмкін кредиттік тәуекелдерді анықтау мақсатында тәуекелдерді өлшеу және қадағалау жұмыстарын жүргізеді, ал алынған нәтижелер стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі. Кредиттік тәуекелге ұшырайтын сома ай сайын есептеледі, ал оның нәтижелері ішкі құжаттар мен реттеуші органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға есеп түрінде ұсынылады.

Тәуекелді басқару

Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі Банктің ұйымдық құрылымы таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келеді, мүдделер қақтығысының алдын алуды қамтамасыз етеді және кредиттік тәуекелді қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелер арасында бөледі. Оның құрамына мыналар кіреді:

- Банктің Директорлар кеңесі;
- Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет;
- Банктің Басқармасы;
- Банктің филиалдары;
- жауапты құрылымдық бөлімшелер;
- Ішкі аудит бөлімшесі.

Кредиттік тәуекелді басқару үдерісінде Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттердің және Банктің Басқармасының өкілеттіктері мен жауапкершілігі Банктің алқалы органдары туралы тиісті ережелермен айқындалады.

Ішкі аудит бөлімшесі кредиттік тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін жүргізілген бағалау қорытындылары негізінде бағалайды.

Өзге құрылымдық бөлімшелер, бөлімшелер туралы ережелерде және Банктің басқа да ішкі құжаттарында белгіленген құзыреті шегінде кредиттік тәуекелді басқару үдерісіне қатысады. Атап айтқанда:

- тәуекелдерді басқару бөлімшесіне тәуекелдерді басқару аясында өз функцияларын орындауға қажетті ақпаратты ұсынады;
- тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі Банктің уәкілетті алқалы органдардың шешімдерін орындайды;

- өздерінің жауапкершілік аясына кіретін үдерістердегі тәуекелдерді тиімді басқаруға жауап береді;
- өздерінің жауапкершілік аясына кіретін операциялық тәуекелдерді анықтауға және олардың деңгейін бақылауға жауап береді.

Кредиттік тәуекелді басқару кезінде тәуекелді өлшеу, қадағалау, лимиттер белгілеу және стресс-тестілеу жұмыстары Банктің тәуекел позицияларының құрылымы мен күрделілігі ескеріле отырып жүргізіледі, ал олардың нәтижелері бойынша тұрақты түрде есептер әзірленеді. Кредиттік тәуекелді басқару кемінде мынадай жұмыстарды қамтиды:

- заңнама талаптарын орындауға мүмкіндік беретін кредиттік тәуекелді басқару инфрақұрылымын қалыптастыру және қолдау;
- кредиттік тәуекелге ұшырайтын соманы есептеу және кредиттік тәуекелді жабуға бөлінетін жарғылық капитал мөлшерін айқындау;
- тәуекелді төмендету әдістерін айқындау;
- стресс-тестілеу жүргізу;
- кредиттік тәуекелге қатысты сигналдар мен лимиттер жүйесін белгілеу және олардың сақталуын қадағалау;
- кредиттік тәуекелді талдау нәтижелері жөніндегі есептерді жоғары басшылыққа ұсынуға арналған инфрақұрылымды қалыптастыру;
- кредиттік тәуекелге ұшырайтын шоттар мен позицияларды, сондай-ақ олардың құнына ықпал ететін факторларды қадағалау.

Сонымен қатар кредит берілетін салалар тұрақты түрде қадағаланып, осыған қатысты барлық елеулі өзгерістер туралы мерзімді есептер дайындалады. Банкте кредит саясатын қалыптастыру, қадағалау, есептілік жүргізу және жүргізілген талдаулардың нәтижелерін бақылау бағыттарында тиімді жұмыстар атқарылады. Бұған қоса, техникалық білімі жоғары, тәжірибесі мол және кредиттік тәуекелдер саласында жеткілікті құзыретке ие мамандардың болуы Банктегі кредиттік тәуекелдерді басқару сапасы мен тиімділігін арттырады.

Кредиттік тәуекелге қатысты басқарушылық есептілік

Кредиттік тәуекелді басқаруға қатысты басқарушылық есептілік Банктің Басқармасында ай сайын, ал Тәуекелдер жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінде тоқсан сайын қаралады. Басқарушылық есептілікте мынадай ақпарат қамтылады:

- кредиттік портфельдің құрылымы мен сапасы және олардың уақыт өте өзгеру динамикасы;
- кредиттік тәуекелге ұшырау деңгейі, сондай-ақ кредиттердің әртүрлі түрлеріне қатысты Банкте белгіленген лимиттерге жиынтық тәуекел деңгейінің жақындау дәрежесін бағалау (лимитке дейінгі тәсіл);
- қарыз алушылар тобына қатысты кредиттік тәуекел деңгейі және оның өзгеру динамикасы;
- ірі қарыз алушыларға, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастағы қарыз алушыларға, оның ішінде Банктің акционерлеріне қатысты кредиттік тәуекелдің шоғырлану деңгейі және оның өзгеру динамикасы;
- қарыз алушылардың ішкі рейтингтері және олардың өзгеру динамикасы;
- провизиялар көлемі және олардың жеткіліктілік деңгейіне берілген бағалау;
- қайта құрылымдалған, қайта қаржыландырылған және проблемалық кредиттер туралы ақпарат;
- белгіленген лимиттердің сақталуын қадағалау және бақылау нәтижелері;
- кредиттік саясат пен белгіленген лимиттерден ауытқу жағдайлары.

Тәуекел-тәбеті және тәуекел лимиттері

Кредиттік портфельдің жалпы жағдайына байланысты туындауы мүмкін қолайсыз салдардың Банкке елеулі әсерін болдырмау үшін тәуекел деңгейлері Банктің тәуекел-

тәбетіне сәйкес келетін сигналдық мәндермен және лимиттермен шектеледі. Сигналдық және шекті мәндер «Тәуекел-тәбеті стратегиясына» сәйкес есептеледі.

Тәуекел лимиттері қабылдауға болатын тәуекел деңгейін, операциялардың, өнімдер мен қызметтердің көлемі мен күрделілігін ескере отырып белгіленеді және қажет болған жағдайда нарық жағдайының өзгеруіне, Банктің стратегиясына және тәуекел-тәбетіне қарай тұрақты түрде қайта қаралып, жаңартылып отырады.

Банкте лимиттердің асып кетуі туралы басшылықты хабардар етуге арналған есептілік жүйесі бар. Мұндай жағдайда тәуекелді төмендету, басқа тарапқа беру немесе болдырмау, алынған кепілдіктер көлемін ұлғайту және осыған ұқсас мәселелерді шешу үшін қажетті шаралар қабылданады. Лимит асып кеткен кезде болашақ стратегиялар мен саясаттар, оның ішінде бюджеттік көрсеткіштер қайта қаралуы және қажет болған жағдайда түзетілуі мүмкін.

Кредиттік тәуекелдің серпіні

Тәуекел атауы (мың теңге)	01.01.2025	01.01.2026
Кредиттік тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер	265 113 796	254 660 900
Кредиттік тәуекелді ескере отырып өлшенген шартты міндеттемелер	41 260 891	48 799 463
NPL 90+	0.76%	0.64%

Кредиттік тәуекелдің сигналдық мәндері мен лимиттері Қаржылық тәуекелдерді басқару бөлімшесі тарапынан тұрақты әрі мұқият қадағаланады. Лимиттер мен сигналдардың қолданылу деңгейі туралы ақпарат жоғары басшылыққа тұрақты түрде ұсынылып отырады.

2026 жылғы 1 қаңтардағы Банктің кредиттік тәуекелге ұшыраған активтері туралы ақпарат

(мың тенге)

№	Атауы	Дефолт жағдайындағы талаптар	Негізгі борыш және (немесе) күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асатын есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар талаптар	Дефолт жағдайында емес талаптар	Негізгі борыш және (немесе) күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар талаптар	Провизияла р (резервтер)	Активтердің таза баланстық құны
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қарыздар	3 472 348	1 209 997	191 557 783	193 820 134	6 957 121	188 073 010
2	Борыштық бағалы қағаздар	0	0	1 022 517	0	867	1 021 650
3	Баланстан тыс міндеттеме- лер	0	0	143 617 694		88 949	143 528 745
4	Жиынтығы:	3 472 348	1 209 997	336 197 994	193 820 134	7 046 937	541 747 410

Кредиттік тәуекел туралы ақпарат

(мың теңге)

№	Атауы	Барлығы	Қамтамасыз етілмеген талаптар	Кепілмен қамтамасыз етілген талаптар	Кепілдіктермен қамтамасыз етілген талаптар	Туынды қаржы құралдарымен қамтамасыз етілген талаптар
1	2	3	4	5	6	7
1	Қарыздар	195 030 131	7 766 995	186 863 465	399 671	0
2	Борыштық бағалы қағаздар	1 022 517	1 022 517	0	0	0
3	Барлығы, оның ішінде:	196 052 648	8 789 512	186 863 465	399 671	0
4	Дефолт жағдайындағы талаптар	3 472 348	45 175	3 427 173	0	0